

Бұл терезеде шеберхана суретшілерінің аты жазылған батырмалар орналасқан. Әр суретші аты жазылған батырманы басқанда шеберлердің туындылары көрсетіледі.

*Шермағанбет І.
2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті
Иманбекова А.Н.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

АС МӘЗІРІНІҢ ҚҰНЫН ЖӘНЕ КАЛОРИЯСЫН ЕСЕПТЕЙТІН БАҒДАРЛАМА

Қазіргі таңда артық салмақ әлемдік күрделі мәселелердің біріне айналды. Бұл бағдарлама осы жағдайдың алдын алуға, артық салмақтан арылуға, салмақты бақылауда ұстауға күнделікті тұтынатын тағамдардың калориясын есептеу арқылы салмақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Салауатты өмір салтын ұстану қазіргі таңда трендке айналды деуге болады. Қазақстанда да дұрыс тамақтану культі танымал бола бастады. Осыған байланысты арнайы пайдалы тамақ даярлайтын орталықтарға, кафелерге деген сұраныс арта бастады. Бұл бағдарламаны осындай қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында қолдануға болады.

Бағдарламаны қолдану шарттары: Бағдарлама ас (тағам) әзірлейтін мекемелерінде, жеке адам өз тағамының калориясын есептеу үшін қолданылады. Қызметкер саны мен біліктілігі маңызды емес. Бағдарламаны қолдану үшін компьютер, ноутбук болу қажет. Ас мәзіріне өзгеріс енгізген жағдайда бағдарламаны жаңартып отыру қажет. Бір уақытта тек бір клиентке қызмет көрсетіледі. Кассир рұқсатымен бағдарлама касса компьютерінде іске қосылады.

Бұл жерде тағам калориясы деп, 100 грамм тағам мөлшеріндегі калория. Тағам құрамындағы ақуыз, майлар, көмірсулар балансы. Бағдарламада тағам аттары алфавиттік тәртіппен сұрыпталады.

Берілген жұмыста «Ас мәзірінің құнын және калориясын есептейтін» бағдарлама C# программалау тілінде Visual Studio әзірлеу ортасында құрылады. Берілген бағдарлама ас мәзірінің құнын, калориясын есептеу үшін математикалық есептеулер жүргізу қажет.


Бұл бағдарламаны құрудың ұтымдылық дәрежесі жоғары бағаланады. Бастапқы шарттарға сүйене отырып, тривиальды әрекеттер тізімін орындау қажет:

- мәліметтердің мөлшерін енгізу;
- қарапайым математикалық есептеулерді орындау.

Бағдарламаның негізгі мақсаты тағам құны мен калориясын есептеп, шығатын бағдарламаны құру. Бағдарлама есептеуді дұрыс орындалуын, кестеге мәліметтер енгізуге болатындығын қадағалау.


Бағдарламаны жазу үшін Visual Studio әзірлеу ортасын қолданамыз. Бұл жұмыста Visual Studio Community 2017 ортасының тегін нұсқасы қолданылады.

Microsoft Access-те деректер базасын құрып оған атау береміз. Осы деректер базасында кесте құрамыз. Деректер базасын мәліметтермен толтырамыз. Visual Studio-да жоба құрамыз.




1- Windows Forms бағдарламасы

Жобаны жасағаннан кейін пішінге «DataGridView» компонентін қосамыз.




2-«DataGridView»компоненті

«Деректер көзін таңдаңыз» тізімін ашып, «жобаның деректер көзін қосу» сілтемесін басамыз. «Деректер көзін орнату шебері» ашылады. Дереккөз ретінде «мәліметтер базасын» таңдап, әрі қарай жүріңіз.«Дерекқорға қосылуды таңдау» терезесінде «қосылымды жасау» түймесін басамыз.




3-дерекқор файлының атауын енгізіп байланыс орнату

«Сервер немесе Файл атауы» ішінде біз Access дерекқорының файлына жолды сілтейміз. Қосылымды тексеріп, «ОК»түймесін басамыз.



4-деректер базасымен жұмыс істеу үшін қосылымды таңдау


Дерекқор файлын жобаңызға тасымалдауға арналған терезе шығады. «Иә»түймесін басамыз.Келесі терезеде Access-те құрған кестені таңдаймыз.”Дайын” батырмасын басып аяқтаймыз.



5-Windows forms Access кестесі


Жұмыстың бұл бөлімінде біз Microsoft Access 2010 жылғы нұсқасында деректер базасын және онда кесте құруды қарастырдық.С# - Visual Studio көмегімен Windows Forms қосымшасын жасадық.Windows Forms қосымшасына деректер көзін таңдап,дерекқор файлын жобаға тасымалдадық,яғни Access-те құрылған кестені.Бұл бөлім Практикалық бөлімге кіріспе болып табылады.

Windows Forms-қолданбалы бағдарламалау интерфейсіндебағдарлама жобасын құру.Жоғарыда Windows Forms, Windows Forms элементтері, Windows Forms бағдарламасынан мәліметтер базасымен жұмыс істеу жолдары жазылған. Осы мәліметтерді пайдалана отырып жоба құрылады. Ең алдымен Visual Studio ортасына кіреміз:



6-Visual Studio ортасы

Бағдарламаға байланысты қасиеттер тақтасынан элементтер атына өзгеріс енгіземіз. label1-тағам аты, label2-өнімдегі құндылығы, label3-ақуыз, label4-майлар, label5-көмірсулар мөлшері деп атауларын өзгертеміз. Label6-іздеу батырмасы. Button1-суретті жүктеуге арналған батырма. Button2-New жаңа тағам енгізуге арналған батырма. Button3-Edit енгізілген тағамға өзгеріске арналған батырма. Button4-Cancel кестедегі мәліметті жою және Button5-Save мәліметті сақтау батырмалары.



7-бағдарламаның сыртқы келбеті

Қасиеттер тақтасына өзімізге ұнайтын түстерді таңдап бағдарламаның сыртқы келбетіне өзгеріс енгіземіз. Form1 (конструктор) атын MENU деп ауыстырылады. Элементтер үстінен екі рет шерту арқылы бағдарлама кодына өтеміз.

Кодтың бұл жолы деректерді "appData1.meat" кестесіне жүктеуге мүмкіндік береді. Қажет болса, оны жылжытуға немесе алып тастауға болады.

BindingSource-бұл деректер көзіне сілтеме. DataSource қасиетіне бірнеше деректер көздері, соның ішінде типтер, нысандар және типтер тізімі берілуі мүмкін. Microsoft Access 2010 тағамның деректер базасын құруда қолданылды. Visual Studio бағдарламалау ортасында Windows Forms конструкторы «Ас мәзірінің құнын және калориисын есептейтін» бағдарламасын құру үшін қолданылды. Бұл бағдарлама C# бағдарламалау тілінде жазылған.

Адам денсаулығы оның қандай тағам тұтынатындығымен тікелей байланысты. Ал дұрыс тамақтану салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі ережелері бала кезінен қалыптасып, өмір бойы сақталуы керек. Программаның мақсаты ас мәзірінің құны мен калориясын есептеп шығару. Бағдарламаға кез келген адам өз рационьндағы тағамдарды енгізе алады. Осылай күнделікті мәзірді құруға болады. Негізінде қазіргі таңда әр адам өз денсаулығына және сыртқы келбетіне аса назар аударытындықтан, тағам құндылығын есептейтін бағдарламаға сұраныс та артады, сол себептен желіде осыған ұқсас көптеген бағдарламалар бар. Сонымен қатар 21 ғасыр ақпараттық технологиялар дәуірі, біздің өмірімізге ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілуде, күнде адам өмірін жеңілдетуге және жақсартуға бағытталған жаңа бағдарламалар ойлап табылуда.

Махмұт М.Ж.

3 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Абдувалова А.Д.

т.ғ.к., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

C# ТІЛІНДЕ WEB-ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

Жұмыста C# бағдарламалау тілінің ерекшеліктері туралы негізгі ақпаратты бере отырып, негізгі екіпін - ASP.NET технологиясын қолдана отырып, Интернет қосымшаларын құру